



«Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық банктік қызмет көрсету ережелеріне ТОЛЫҚТЫРУ

1. Директорлар кеңесінің шешімімен (05.12.2018 ж. 2021ж. № 12-102 хаттама) бекітілген «Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық банктік қызмет көрсету ережелеріне (бұдан әрі – **Ережелер**) мына өзгерістер енгізілсін:
 - 1.1. «Электрондық банктік қызметтерді алу тәсілдері» атты 17-бөлім мына редакциядағы «Цифрлық құжаттар» сервисін қолдана отырып, электрондық құжаттарды пайдалану» деген 5-5-тараумен толықтырылсын:

«5-5-тарау. «Цифрлық құжаттар» сервисін қолдана отырып, электрондық құжаттарды пайдалану».
 1. Цифрлық құжат – мемлекеттік, банктік қызметтерді және өзге де қызметтерді электрондық нысанда алу үшін қажетті, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара әрекет еткен кезде цифрлық құжаттар сервисімен қалыптастырылатын электрондық құжат.
 2. «Цифрлық құжаттар» сервисіне қолжетімділік Клиентке ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын пайдаланып, Мобильді қосымша арқылы электрондық пішімдегі құжаттарды көру және пайдалану мүмкіндігін ұсынады.
 3. Құжаттар Мобильді қосымшада Клиенттің сұратуының негізінде және кейіннен Банктің мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен интеграциялау арқылы мәліметтер алуы негізінде қалыптастырылады.
 4. «Цифрлық құжаттар» сервисі Мобильді азаматтар базасында (МАБ) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының нөмірі тіркелген кезде Мобильді қосымшада авторизациядан өткен Клиенттер үшін қолжетімді. МАБ-та ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының нөмірі болмаған жағдайда, Клиентке Мобильді қосымшаны пайдаланып, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының өз нөмірін МАБ-та тіркеу мүмкіндігі беріледі.
 5. Клиентке қолжетімді цифрлық құжаттардың тізбесі Мобильді қосымшада көрсетіледі.
 6. Клиенттің цифрлық құжатқа жедел қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін оның көшірмесі Мобильді қосымшадағы Жеке кабинетте сақталады. Құжат өзгерген жағдайда, Клиент «Цифрлық құжаттар» сервисіне кіру үшін жаңа сұрату жіберуі керек.
 7. Үшінші тұлғаларға «Цифрлық құжаттар» сервисінде қалыптастырылған цифрлық құжаттарға қолжетімділік Клиенттің келісімімен беріледі.
 8. Клиент Цифрлық құжаттарды Банктің, Цифрлық құжаттарды қабылдайтын үшінші тұлғалардың Клиент туралы деректерді сәйкестендіруі және/немесе жаңартуы (өзектендіруі) мақсатында пайдалануы мүмкін, соның ішінде қызметті, атап айтқанда Kaspi.kz мобильді қосымшасын пайдалана отырып көрсеткен кезде, олар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша ішкі бақылау шараларын қолдану мақсатында пайдаланылуы мүмкін.
